



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
 ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
 ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ  
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
 AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
 REPUBLICAN CENTER OF THE STUDY OF TRADITIONAL CIVILIZATIONS  
 OF CENTRAL ASIA



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
 ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ  
 ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР»** атты  
 халықаралық ғылыми-теориялық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы қ., 12 қараша 2015 ж.



## **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-теоретической конференции  
**«ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ  
 И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ ЦИВИЛИЗАЦИЙ  
 ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»**

г. Алматы, 12 ноября 2015 г.



## **MATERIALS**

International scientific and theoretical conference  
**«THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES  
 AND PROBLEMS OF STUDYING THE TRADITIONAL  
 CIVILIZATIONS OF CENTRAL ASIA»**

Almaty, 12 November 2015



Алматы 2015

<b>Торланбаева К.У.</b> К истории Казахстана на рубеже веков (I в. до н.э. – II в. н.э.) .....	119
<b>Ксенжик Г.Н.</b> Модернизационные процессы среди скотоводов казахской диаспоры Монголии .....	122
<b>Сейдаметова Г.</b> Историко-культурные взаимосвязи кочевых и оседло-земледельческих народов Центральной Азии на примере города Ходжейли (конец XIX – начало XX вв.) .....	128
<b>Картасва Т.Е.</b> Қазақтардың наурызға қатысты халықтық табиғат білімі .....	130
<b>Жұртбай Т.</b> Қазақтың этнографиялық мифтеріндегі киелі нысандар (символдар).....	138
<b>Жүгенбаева Г.С.</b> Батырлар жырын зерттеудің тарихи-деректемелік және методологиялық мәселелері	141
<b>Тадышева Н.О.</b> Некоторые особенности современного похоронно-поминального обряда тюрок Саяно-Алтая .....	145
<b>Ренато Сала, Жан-Марк Деом</b> География и культурные ландшафты Казахстана .....	148
<b>Сайманов С., Сулайманов С.</b> Торговые отношения Южного Приаралья с кочевой степью.....	158
<b>Телеуова Э.Д.</b> Орталық Азияның көшпелі мәдениетіндегі гендерлік стратификациясының ерекшеліктері .....	160
<b>Шагирбаев М.С.</b> Ежелгі көшпелілердің дүниетанымындағы құс образы (Шығыс Қазақстан материалдары бойынша).....	163
<b>Сойкина Н.Ю.</b> Мифологические образы в Древнем искусстве .....	170
<b>Сагинаева А.Н.</b> VI-XII ғасырлардағы түркі және славян халықтары мәдени байланыстарының даму сипаты.....	172
<b>Отарбаева А.Б.</b> Қазақ мемлекеті тарихындағы Әмір Темір жорықтарының салдары .....	176

### Үшінші секция / Третья секция

#### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ РЕСЕЙ ОТАРЛЫҚ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ТҰСЫНДА/ КОЧЕВНИКИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ПРАВЛЕНИЯ РОССИЙСКОЙ КОЛОНИАЛЬНОЙ И СОВЕТСКОЙ ТОТАЛИТАРНОЙ СИСТЕМЫ

<b>Абдиров М.Ж.</b> Этноним «казак», тюркское казачество и средневековый Восток.....	180
<b>Султангалиева Г.С.</b> Трансформация традиционной культуры хозяйствования кочевых народов на трансграничных территориях: сравнительный анализ политики Российской империи в первой половине XIX в. ....	183
<b>Қаражан Қ.С.</b> Кеңес өкіметінің 20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың басындағы ауыл шаруашылығындағы қайта құруларының қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсері .....	187
<b>Алғаев А.Ш.</b> Седентаризация в земельной политике большевистского правительства в 20-х годах XX века..	191
<b>Аманжолова Д.А.</b> Проблемы управления и самоуправления в политической идеологии и практике казахских автономистов в 1905-1917 гг. ....	194
<b>Кундакбаева Ж.Б.</b> Советский проект трансформации гендерного порядка в кочевом обществе: новые методологические подходы к изучению .....	199
<b>Issayeva Zh.</b> Critical Analysis on the Clash of Civilizations.....	204
<b>Акманов А.И.</b> Башкирское землевладение в условиях взаимодействия с русским государством (конец XVI – XVIII вв.).....	207
<b>Далаева Т.Т.</b> Организация волостной системы управления в казахской степи в контексте административной политики Российской империи в XIX веке .....	209
<b>Удербасева С. К.</b> Политика Российской империи по отношению к казахам и туркменам в XIX в. ....	219
<b>Бегимбаева Ж.С.</b> Исследование кочевников Центральной Азии научными обществами Российской империи (XVIII – начало XX веков) .....	223
<b>Лиджиева И.В.</b> Институционализация системы местного самоуправления Калмыцкой степи в рамках имперского законодательства.....	227
<b>Махат Д.А.</b> Қазақстандағы жаймалы көшпелі шаруашылықты реформалауға көзқарас.....	230
<b>Қозыбақова Ф.А.</b> XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтың дәстүрлі қошпелі оркениетін күшпен күйрету бастаулары .....	238
<b>Қошанов Б.А.</b> Комплексное хозяйствование каракалпаков в XIX веке.....	243
<b>Ахметжанова А.Т.</b> Метрополия и колония: имперская система управления в Казахстане (80-90-ые годы XIX века).....	249
<b>Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М.</b> XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік тоталитарлық жүйенің қошпелі оркениетке қарсы бағытталған реформалары және оның салдары .....	253
<b>Тасилова Н.А.</b> XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақтардың шаруашылық-экономикалық жағдайының ерекшеліктері («ҚЖПМ»* негізінде талдау).....	257
<b>Мырзахметова А.Ж.</b> Исторический опыт государственной организации освоения «новых» земель в Казахстане в конце XIX – начале XX вв.....	261

желая себе «блага, станут прилежно заниматься земледелием»; от 3 июля 1835г. об отпуске в степь беспошлинно всякого рода зернового хлеба и земледельческих орудий с целью поощрения казахов к земледелию. // ЦГА РК Ф.25.Оп.1.Д.1496.Л.37-40.

12. РГИА Ф.1291.Оп.82.Д.9.
13. Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией в 40-е, 60-е годы XIXв. Москва. 1964.
14. Побережников И. В. Материалы по истории распространения слухов о насильственной христианизации среди коренных народов востока России (XVIII—XIX вв.). // Проблемы административно-государственного регулирования межнациональных отношений в Тюменском регионе: исторический опыт и современность: Материалы всероссийской научно-практической конференции, март 1995. Тобольск. 1995
15. ОР.ГПБ им.Салтыкова-Щедрина ф.608. д.136.ч.2..
16. РГВИА Ф.38.Оп.8.Д.7
17. ЦГА РК Ф.25.Оп.1.Д.1471.
18. РГИА Ф.1291.Оп.82.Д.6.
19. ЦГА РК Ф.25.Оп.1.Д.330.
20. ЦГА РК Ф.4 Оп.1 Д.3877
21. Лобысевич Ф.П. Оренбург, его жители, торговля, промышленные ремесла, климат, учебные заведения, общественная жизнь и окрестности. // Военный сборник, 1861. №5.
22. РГИА ф.1263 Оп.1.Д.2958.
23. ГАОрО Ф.6 Оп.6.Д.1428.
24. ЦГА РК Ф.25.Оп.1.Д.1471.
25. ПСЗ РИ Т.36.отд.1.№ 34270.

## **КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ 20-шы ЖЫЛДАР МЕН 30-шы ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЙТА ҚҰРУЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА КЕРІ ӘСЕРІ**

**Қаражан Қ.С.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының профессор.  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі кеңестік тоталитарлық биліктің ауыл шаруашылығында жоғарыдан жүзеге асырған қайта құруларына тікелей байланысты. 1917 жылы қазан айында Кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығына қатысты «Жер туралы» декрет қабылдады. Декретте: «Барлық жер ... бүкіл халықтың игілігіне айналады және онда еңбек ететін еңбекшілердің қолына өтеді.... Жерді пайдалану түрлері ерікті түрде жекеленген селолар мен поселкалардың шешіміне сай: өзіндік, хуторлық, қоғамдық, артельдік болу керек» – деп көрсетілген[1]. Декретке сай, жерге жеке меншік жойылып, помещик, шіркеу, монастырь және т.б. иеліктеріндегі жерлер жергілікті Кеңестердің қарамағына берілді. Декрет шаруаларды жермен қамтамасыз етуді, яғни оларды байытуды көздеді. Кезінде Столыпиннің бастаған ісін жалғастыруға бағытталды.

Бірақта, В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы Қазан төңкерісін шаруаларды байыту үшін смес, оны жою үшін жүзеге асырған болатын. Жер туралы Декрет большевиктерге төңкеріс арқылы қол жеткен жетістікті қолда сақтап қалу үшін, яғни шаруалардың қолдауына ие болу үшін қажет болды. Іс жүзінде декрет большевиктердің 15 жылдан астам майда буржуазиялық партия деп сынға алып келген эсерлер партиясының бағдарламасының негізінде дүниеге келген болатын. Эсер партиясының өкілдері ақпан революциясынан кейін шаруалармен кездесіп, олардың өкілдерінің 242 ұсынысын жинақтаған болатын. Оны эсер партиясының орталық атқару комитетінің органы «Известия Всероссийского Совета крестьянских депутатов» газетінің бас редакторы Н.Я.Быковский баспаға әзірлейді. Осы 242 ұсыныс 1917 жылы 26 қазанда большевиктердің «Жер туралы Декретке» айналып шыға келді. Осының арқасында Қазан төңкерісінен кейінгі шешуші сәттерді бұқара халықтың басым бөлігі - шаруалар Ленинді және оның басқаруындағы большевиктер партиясын қолдап, олардың өз қолдарында билікті сақтап қалуға жағдай туғызды. Осы кезеңдегі күштердің ара салмағын сол тұстағы большевиктер партиясының көрнекті өкілдерінің бірі Л.Д.Троцкий: «Төңкеріске басшылық жасаушы партия: қозғаушы күші пролетариат: қаруланған жұмысшы отрядтары көтерілістің негізгі күші болды, бірақта, күрес нәтижесін ауыр салмақта шаруалар гарнизоны шешті» [2] -деп бағалады.

Әуеліде шаруалар большевиктер басқарған Кеңес өкіметінің өздерін алдап отырғандығын білмеді. Шаруалар ерекше сезіммен қабылдаған большевиктердің «Жер-шаруаларға» деген ұраны бірте-бірте оларға түсініксіз сияпт ала бастады. Нәтижесінде 1918 жылы 27 қаңтарда қабылданған бүкіл Ресейлік Атқару комитетінің «Жерді социализациялаудың негізгі заңында» жерге жеке меншік түрі айтарлықтай қысқарды. Жер енді бүкіл еңбекші халықтың пайдалануына беріледі. Жекеленген азаматтардың құқықтық нормалары және олардың жер жөніндегі құқықтары қарастырылмайды, жерді бөлу міндеті енді мемлекетке-жерге орналастырудың әкімшілік мекемелеріне беріледі. Оның 21-ші бабында, жерге

бақылау жасайтын Кеңестерге социалистік шаруашылыққа көшу үшін жеке қожалықтардың орнына ұжымдық шаруашылықтарды құру міндеті жүктелді. Бос жатқан және босаған жерлер Заңға сай енді алғашқы кезекте ұжымдық қожалықтарға берілетін болды [1, 407-411 бб].

Большевиктер партиясы көсемінің болжамы бойынша кеңестік қожалықтар «еңбекші шаруалар арасында коммунистік саясатты таратушылар», селолық тұрғындарды мәдени және агротехникалық көмекті ұйымдастыру орталықтары болуға, іс жүзінде шаруаларға ірі қоғамдық қожалықтың артықшылығын корсетуге тиіс болды...[3].

Жерді социализациялау заңына сай 1918 жылдың аяғына қарай жалпы 30101 кеңестік ұжымдық құрылып, олардың қарамағына 3918000 десятина жер берілді. Олардың басым бөлігі Ресейдің орталығында құрылды. Жеке шаруалар отбасына жер жетпей жатқанда, совхоздарда бір жұмысшыға 20 десятина егістік, ал жұмыс колігіне 40 десятина егістік келді. Осыған байланысты совхоздар өздеріне бөлінген жерлерді игере алмады. Орта есеппен совхоздарға бөлінген жерлердің 5,3 % ғана пайдаланылды[4]. Олардың қатарында 1918 жылы ақпанда Шығыс Қазақстанда Петроградтағы Обухов заводының жұмысшылары «Алғашқы Ресей егінші коммунистерінің қоғамын» ұйымдастырды. Ленин олардың бастамасын қызу қолдап, жер комиссариатынан олардың бастамасын алдағы уақытта одан әрі өрістетуді өтінді. Көп ұзамай олардан 25 мың шақырым жерге Семьянниковский заводының комунналары орналасты. Олар өздерінің коммуналарын «Екінші Ресей егінші коммунистерінің қоғамы» деп атады. Петроград жұмысшыларының үшінші «Солнечный» атты коммунасы – Ертіс өзенінің сол жағалауында таудың «Көке» атты шатқалында орналасты. Петроград жұмысшыларының бастамасымен Қазақстанның өзге аудандарында да артелдер мен коммуналар құрыла бастады. 1920 жылдың аяғына Қазақстандағы колхоздардың саны 850-ге жетті.

Кеңес өкіметі ұжымдық қожалықтарға 1918 жылы пілдеде көмекке 10 млн.сом бөлсе, тамыз айында тағы да 50 млн.сом бөлді. Ал, оған керісінше жеке шаруа қожалықтарына ешқандай көмек көрсетілмеді. Сол себепті «коммуна» шаруа үшін кезекті тонаушылық болды. Азамат соғысы жылдары ауқатты шаруалардан 50 млн.га жер, мол ауыл шаруашылық құрал-жабдықтары, техникалар мен мал тартып алынып ұжымдық қожалықтарға берілді.

Осы экономикалық, қаржылық көмектерге қарамастан ұжымдық қожалықтардың басым бөлігі өздерінің күнін ерең көріп, мемлекетке пайда әкелмеді. Мысалы, 1919 жылы жер халық комиссариаты есебіндегі 5000 колхоз мемлекетке 143620 пұт бидай, 30164 пұт сұлы мен арпа, 1250 пұт тары, 42100 пұт картоп тапсырды. Орта есеппен әр колхоздан 30 пұт бидай, 16 пұт сұлы мен арпа, 0,2 пұт тары, 80 пұт картоп алынды[5].

Ұжымдық қожалықтардағы еңбек өнімділігінің төмен болуының өзіндік себептері болды. Ұжымдық қожалықтар көпшілік жағдайда жоғарыдан күшпен ұйымдастырылғандықтан шаруалардың онда істегісі келмеді. Алғашқы ұжымдық қожалықтардың мүшелері ауыл шаруашылығынан хабары жоқ қара жұмысшылар мен еңбекке құлықсыз кедей шаруалар болды. Орта шаруалар бұл ұжымдық қожалықтарды мойындай қоймады.

Кеңес өкіметінің аграрлық саясаттағы қателігі 1920 жылдың күзіне қарай ауыл шаруашылығын аса ауыр күйзеліске апарып ұрындырды. Қазақстанда егістік көлемі 1914 ж. 3,6 млн.десятинадан, 1922 жылы 1,6 млн.десятинаға дейін қысқарды. 1916 жылы республикамызда 148 млн.пұт астық жиналса, 1920 жылы бар болғаны 40 млн.пұт қана алынды. 1914 жылдан 1922 жылдың аяғына дейін ірі –қара мал саны 2,1 млн., жылқы 2 млн., ұсақ мал 605 млн., түйе 0,3 млн.басқа азайды[6]. Бұл болса да 1921-1922 жж. аштыққа апарып соқтырып, республика тұрғындарының 1/3 ашаршылыққа ұшырады. Аштықтан және онымен ере келген аурулардан, сондай-ақ амалсыздан үдере көшу халық санын күрт кемітті. 1914 жылы өлкеде 4811662 адам тұрса, 1922 ж. 3795963 адам қалды. Ашаршылық тек қана қуаңшылыққа байланысты болмады. Астық жақсы шыққан Семей және Ақмола губернияларында жиналған астықтың 80 %-дан астамын Кеңес өкіметінің азық-түлік салғыртына сай азық-түлік отрядтары тартып алып Ресейдің орталық қалаларына жіберген болатын. Нәтижесінде, астықты аудандардың өзі аштыққа ұшырады.

Осыған байланысты елде Кеңес өкіметінің аграрлық саясатына қарсы наразылық күшейіп көтерілістер мен бүліктерге алып келді. «Коммунистерсіз Кеңес үшін», «Кеңес өкіметі жасасын, бірақта коммуна жойылсын! ұрандары шаруалар арасында кеңінен қолдау тапты. Қазақстанда Қостанай, Ақмола, Орал, Семей губернияларында кеңестік құрылысқа қарсы бағытталған көтерілістер орын алды.

Елдегі күйзеліс экономикалық, саяси және теориялық сипат алып, большевиктер партиясы шұғыл түрде, бірденнен коммунизмге өту талпынысының апатқа ұшырағанын амалсыздан мойындауға мәжбүр болды. Кеңес өкіметі үшін аса ауыр жағдайдан шығудың 3 жолы болды. Бірінші жолы – қуғын-сүргінді, зорлауды, қудалауды күшейту арқылы «әскери коммунизм» саясатын жалғастыру. Оның болашағы жоқ еді. Екінші жолы «Коммунистердің Кеңестер үшін!» ұранымен көтеріліске шыққандардың талабын қанағаттандыру, яғни большевиктердің экономикадағы билік органдарынан

кетуі. Бұл деген негізгі революциялық қайта құрулардан бас тарту. Бұған Ленин бастаған большевиктер партиясы көне қоймайтын еді. Үшінші жол – бір жағынан большевиктік билікті нығайтуға бағытталған, екінші жағынан іс жүзінде өкімет билігі большевиктік емес күштердің қолында қалатын, уақытша шегіну тактикалық әдісі. Ленин осы үшінші жолды таңдап алды. Ол тарихта жаңа экономикалық саясат деген атпен белгілі.

Партияның 1921ж.наурыз айында өткен X съезінде қабылданған ЖЭС –қа сай салғырт заттай салықпен алмастырылып, жерді арендаға беруге, алуға, жалдамалы еңбекті пайдалануға, ауылшаруашылық, кредиттік, тұтыну кооперацияларын ашуға рұқсат етілді. ЖЭС аясында Қазақстанда жер-су реформасы жүзеге асырылып патша өкіметінің Ертіс, Орал өзендерінің бойындағы және Жетісудағы қазақтардан тартылып алынған жерлер қайтарылды.

ЖЭС жылдарында Кеңес өкіметі Қазақстан ауыл шаруашылығын өз бақылауында ұстау мақсатында, республика басшылығының пікірімен санаспай, жоғарыдан шаруаларды жерге орналастыру науқанын бастады. Кеңестік билікке көшпелі қазақ қожалықтарын бақылауда ұстау үшін оларды отырықшылыққа көшіру қажет болды. 1924 жылы 17 сәуірде бүкіл Ресейлік Атқару комитеті «Түркістан республикасы мен Қазақ АСКР-нің көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында жерге отырықшыландыру жөнінде» жарлық қабылдайды[7].

Жарлықтан республиканың барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында жаппай жерге орналастыру шаралары белгіленді. Ынталандыру мақсатында отырықшылыққа көшкен қожалықтар жермен қамтамасыз етілді, мемлекет тарапынан кредитке құрал-жабдық берілді. Құрал-жабдыққа бөлінген кредит 10 жыл мерзімге, тұқымға ссуда 5 жылға берілді. Отырықшылыққа көшкен қожалықтар мемлекеттік және жергілікті салықтан 5 жылға босатылды. Кооперация, оның ішінде әсіресе тұтыну кооперациясын ұйымдастыру қолға алынды. Алғашқы совхоздар құрыла бастады. 1924 жылы республикада 38 совхоз иелігінде 1315 га жер болды. 1924 жылы 8-ші желтоқсанда бүкілресейлік ОАК бұл мәселеге қайта оралып республиканың көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарын жерге орналастыруға басшылық жасайтын комиссия құрады. Комиссияға Жетісу мен Сырдария облыстарының территориясын шаруашылық зерттеу, шаруаларды жерге орналастыру және олардың арыздарын тексеру міндеті жүктелді. Осы шараларға қарамастан қожалық иелері бірденіне ұзақ жылдар бойы қалыптасып қалған дәстүрінен қол үзіп, отырықшы қожалықтарға айналып кете алмады. Көпшілік жағдайда отырықшылыққа көшіру жоғарыдан әміршіл-әкімшіл жүйенің қысымымен жүзеге асырылды. Оның толыққанды жүзеге асуына ЖЭС кедергі келтірді.

ЖЭС шеңберінде жеделдетіп жүзеге асырыла бастаған шаралар көп ұзамай 1925 жылы егістік көлемін 3 млн.га дейін өсіреді. Орал, Ақмола, Семей губернияларының бірқатар астықты аудандарында егін түсімі 1913 жылғы деңгейге жетеді. 1925 жылы 92 млн. пұт астық жиналды, бұл 1914 жылдан сәл ғана кем еді. Мал шаруашылығында да жағдай түзеле бастады. 1925 жылы мал саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, көшпелі мал шаруашылығы бірте-бірте қалпына келтірілді [8]. Ауыл шаруашылығында көріне бастаған осы оң нышандар дағдарыстан шыға бастаудың көрінісі болды.

Бірақта тап күресі принциптерін басшылыққа алған кеңестік тоталитарлық билік билікті жеке меншік иелеріне беріп қойғысы келмеді. Орталық билік 20 шы жылдардың ортасынан қайтадан ауыл еңбеккерлеріне тежеу-шектеу әдістеріне басымдық береді. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі даму жолымен қазақ ауылын, олардың тіршілік көзі болған мал шаруашылығын күйрету 1925 жылдың қыркүйек айында қазақ өлкелік партия комитетіне Ф.И.Голощекиннің бас хатшы қызметіне тағайындалуымен тығыз байланысты. «Ауылда Октябрь болмаған» деп санаған Голощекин социалистік құрылысты, ауылды қайта құруды мал шаруашылығымен тығыз байланыстырды. Ол өлкелік партия комитетінің 1927 жылы қараша айында өткен VI конференциясында сөйлеген сөзінде: «ҚАКСР –ның шаруашылығының негізгі саласы мал шаруашылығы қалған, көне, ескі, атам заманғы түрлі ауылдың артта қалғандығын, бай мен жартылай феодалдардың билігін анықтайды [9]» -деп мәлімдеме жасап, енді көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты түбірімен өзгертуді қолға алады.

Бұл мәселе алғаш 1923 жылдың наурыз айында III облыстық партия конференциясында көтерілген болатын. Бірақта ірі байлардың, «жартылай феодалдардың» еңбек құралын, малын тәркілеп алу, олардың өздерін үй-ішімен тұрған аймағынан көшіріп жіберу жоспары бір жағынан С.Садуақасов, С.Қожанов бастаған зиялылардың қарсылығына байланысты, екінші жағынан ол кезде жүзеге асырылып жатқан ЖЭС шараларына байланысты жүзеге аспай қалған болатын. ЖЭС шектелуіне байланысты 1927 жылы Голощекин бастамасымен қайта көтеріліп, 1928 жылы 27 тамызда ОАК мен республика Халық Кеңесінің мәжілісінде «Бай қожалықтарын тәркілеу» жөнінде Заң жобасы қабылданып, жарлық қаулы түріндегі құжатқа айналды. Тәркілеу республиканың, Адай округі, бұрынғы Жетісай мен Сырдария губернияларының мақталы аудандарынан басқа, бүкіл аудандарда жүзеге асырылып, негізгі қуғын-сүргін орташа ауқатты шаруаларға қарсы бағытталды.

Көпшілік жағдайда мәселенің анық-қанығына бармаған өкілдер ауқаттыларды, кейде тақыр кедейлерді де құрықтады. Құжат бойынша 696 қожалықтан мал алынды деп көрсетілген, ал іс жүзінде оның саны әлдеқайда көп болды. Мысалы, бір Ақмола округінен жоспарда көрсетілген 46 шаруашылықтың орнына 200 ден аса шаруашылық, Петропавл округінде 34 шаруашылықтың орнына 102-сі тәркіленіп, басқа жаққа көшірілген. Мұнымен қатар, бай қожалықтарына салық салу үрдісі де күшейтіліп, олар ауыл шаруашылығы салығының басым бөлігін төлеуге мәжбүр болды. Мысалы, 1927-1928 жж. шаруашылықтың 4%-ы бүкіл салық сомасының 33%-ын төледі. Бұған қосымша «еркін салық» деген жүйе ендіріліп, ол бойынша төленетін салық мөлшері бастапқыдан екі-үш есе асып түсіп отырды [8, 214-215 бб]. Тәркіленіп алынған малдар мен құрал-жабдықтар колхоздар мен ауыл шаруашылық қожалықтарына бөлініп берілді. Бірақта, байларды тәркілеу Кеңес өкіметіне күткен нәтиже бермеді. Тәркілеуден түскен мал ірі қараға шаққанда бар болғаны 145 мың бас қана болды. Бөлініп берілген мал кедей қожалықтардың жағдайын көтермей, керісінше көп ұзамай не сатылып, не сойылып кетті. Көптеген байлар тәркілеуден қашып Қытайға, Өзбекстанға, Сібірге, Астраханға көшті. Нәтижесінде, Қазақстан мал шаруашылығы тәжірбиелі қожалық иелерінен және олардың ұзақ жылдар бойы атадан балаға мұра болып келген асыл тұқымды малдарынан айырылды.

Кеңестік әміршіл-әкімшіл билік 1927 жылы желтоқсан айында өткен партияның XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алып, оны жүзеге асырудың дайындық жұмыстарына кіріседі. 1929 жылдың басында шамамен Қазақстан тұрғындарының 18,2 % -ы ғана ұжымдастырудың әртүрлі түрлерімен, негізінен серіктестіктермен, қамтылған болатын. Оларда негізінен орыс ұлтының өкілдері еңбек етті. Осыған қарамастан жыл соңында шұғыл түрде жаппай ұжымдастыруды жүйелі түрде жүргізу мақсатында 1930 жылы 5 қаңтарда БК(б)П ОК «Ұжымдастырудың қарқыны және колхоз құрылысына мемлекет тарапынан көмек» атты қаулы қабылдайды.

Осы қаулыға сай, Қазақстан ұжымдастыруды 1933 жылдың көктеміне аяқтауға тиісті аймақтық топқа жатқызылды. Осыған қарамастан жаппай ұжымдастыру жоғарыдан жеделдетіліп республикадағы барлық қожалықтардың 1930 жылдың сәуірінде – 50,5%-ы, ал 1931 жылдың қазан айында – 65%-ы ұжымдастырылды. Олардың басым көпшілігі қорыққанынан, амалы жоқтан ұжымдарға кірген болатын.

Жаппай ұжымдастырудың басталуымен дәулетті топтарға шабуыл бұрынғыдан да бетер күшейіп, кулактарды (ауқатты шаруаларды) тап ретінде жою міндеті қойылды. Бұл міндет 1928 ж. қараша айында өткен БК(б)П ОК Пленумының шешімімен бекітіліп, 1930 жылы ақпандағы ОАК мен ХКК-ң жасырын нұсқауына сай жүзеге асырылды. Осы нұсқауға сай кулактар 3 категорияға бөлінді. 1-ші категорияға «Кеңес өкіметіне қарсы күрескендер жатқызылып, тұтқындалып, ісі БМСБ-ға тапсырылуға тиіс болды; 2-ші категория – ауқатты кулактар жер аударылып, қоныс аударылған жерлерде міндетті түрде еріксіз ауыр жұмысқа жегілді; 3-ші категория – қалған кулактар колхоздардан тыс жерлерге қоныстандырылды. Олардың барлығының дүние-мүлкі тәркіленіп колхоздарға берілді. Әр категория бойынша жоғарыдан жоспар түсірілді. Жоспарға сай жойылуы тиіс кулактардың алатын үлесі аудан шаруа қожалықтарының 3-5 % аспауы тиіс болды. Іс жүзінде көптеген аудандарда кулактардың саны оған жетпегеніне қарамастан, олардың саны жоспарда көсетілген мөлшерге дейін жасанды түрде көтерілді. Жоспардың жан сала орындалғаны соншалық, ол екі есе, тіпті үш есе асыра орындалып отырды. Нәтижесінде, Қазақстанда 1930-1931 жж. республикадан тыс жерге бай-кулак деген жебеумен жер аударылып жіберілген шаруалар саны шамамен 6765 адамға жетті [6, 324 б.].

Жаппай ұжымдастыру жылдарында қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына ерекше нұқсан келтірген көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды жоғарыдан күштеп отырықшыландыру науқаны болды. Өйткені көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландырмай ұжымдастыруды жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сол себепті бұл мәселе Өлкелік Партия комитеті бюросының 1929 жылы қараша айында өткен мәжілісінде және желтоқсан айында өткен пленумында қаралып, қолға алынады. 1930 жылдың қаңтарында ХКК-нің жанында республикалық жерге орналастыру комитеті құрылды [10]. Жерге орналастыру Қазақстанның 34 ауданында бір мезгілде басталды. Осы жылдың сәуір айында ҚАКСР ОАК «Көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындардың еңбекшілерін жерге қоныстандыратын мекемелердің практикалық жоспары» туралы қаулы қабылдап, Халық Комиссариаттары мен тиісті мекемелерге жыл соңына дейін 84 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіретін бірқатар шараларды жүзеге асыруды тапсырады. Отырықшылыққа көшкен аудандарға техникалық көмек жасау үшін МТС, олардың жанында партиялық бақылауда ұстау мақсатында саяси ұйымдар ұжымдастырылып, 1930 жылы 8303 мың сом қаржы бөлінді. Отырықшылыққа кошу жоспарына енгізілген аудандардың отырықшылыққа жарамды, жарамсыздығы ескерілмей, ешбір ғылыми негіздеусіз жоғарыдан жоспарланды, тұрғындардың шұғыл түрде отырықшылыққа көшуіне даяр болмауы үлкен қиыншылықтар туғызды. Осыларға байланысты Қазақстанда отырықшылыққа көшу науқаны жалғастырылып, нәтижесінде

республика бойынша бүкіл шаруа қожалықтарының 85,9%-ы ұжымдастырылады [11]. Отырықшыландыру туралы қаулылар тікелей кабинет жағдайында қыбалданып қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйретумен қатар, оның тұрмысына әсер етті. Ойластырылмай жоғарыдан жүзеге асырылған науқандардың қайтарымы өзін көп күттірген жоқ. Бірінші бесжылдықтың ішінде Бүкілодақтық товарлы-астық өндірудегі Қазақстан үлесі 9%-дан 3%-ға дейін төмендеді. Әсіресе, мал шаруашылығы бұрын сонды болмаған шығынға ұшырады. 1928 жылы республикада 6509 мың ірі қара мал болса, 1932 жылы одан небәрі 965 мың ғана қалды. Жылқы саны 1928 жылы 3616,1 мың болса, оның 3200 мыңы қолдан қырғынға ұшыратылды. 1928 жылы 1042 мың түйеден 1935 жылы 63 мың ғана түйе қалды [6, 326 б.].

1932 жылы ақпан айында Қазақстанда колхозшы қожалықтарының 87 %-ында, жекешелердің 51,8 %-ында меншігінде бірде-бір малы болмады, нәтижесінде 1931-33 жылдары ашаршылық орын алып, қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды.

Жалпы, Кеңес өкіметінің қарастырылып отырған кезеңде жоғарыдан жүзеге асырылған әкімшілік шаралары миллиондап қазақ халқын қырып, оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, жекеменшік қожалықтарды біржолата жойып, олардың орнына кеңестік қоғамдық мал шаруашылығын қалыптастырды.

1. Декреты Советской власти. – М., 1957, –1т., –18-19 бб.
2. Троцкий Л.Д. К истории русской революции. – М., 1990, –382 б.
3. Декреты Советской власти. – М., 1973. –II том, –82-88 бб.
4. ТРрапезников С.П. Ленинизм м аграрно-крестьянский вопрос. –М., 1971, –т. I, –438 б.
5. Статистический ежегодник. 1918 -1920 гг. –М., 1922. –Т.8. В.2. –112-113 бб.
6. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). – Алматы, 1994, –315 б.
7. См.Сборник документов по земельному законодательству СССР и РСФСР. – М., 1954, –212 б.
8. Қазақстан тарихы (кңне заманнан бүгінге дейін). –Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010, –204 б.
9. Отчет Краевого комитета УІ Всеказахстанской партконференции. Доклад и заключительное слово тов. Голощекина на УІ Всеказахстанской партконференции. 15-23 XI.1927 –г.Кзыл-Орда, 1928 – 53 б.
10. Исаев О. О работе в ауле и развитии животноводства // Народное хозяйства Казахстана. –1933, №6-7, 27 б.; –ҚРОМА, 1179 қор, 7 іс, 342 п.
11. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1985, –199 б.

## СЕДЕНТАРИЗАЦИЯ В ЗЕМЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ БОЛЬШЕВИСТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В 20-Х ГОДАХ XX ВЕКА

А.Ш.Алтаев

Профессор истории Казахстана КазНУ им.аль-Фараби  
г.Алматы, Республика Казахстан

В 1925 году был принят перспективный план землеустройства в КАССР. Практически он представлял собой в себя компиляцию всех основных форм проведения предыдущего землеустройства. Однако, в этом плане более четко прослеживалась идея синхронности процесса землеустройства и перевода казахского населения на оседлость. Методы и формы осуществления седентаризационной политики прямо вытекали из ее основных задач, которые заключались, во-первых, в изыскании свободных земель для увеличения емкости колонизационного фонда, во-вторых, в освобождении казахского населения из под влияния баев-полуфеодалов. Таким образом, установка Советской власти на оседание преследовала больше политические, нежели экономические цели.

По перспективному плану сплошного землеустройства в Казахстане были установлены сроки окончательного завершения землеустроительных работ по Семипалатинской, Уральской, Актюбинской губерниям – 10 лет, по Акмолинской, Кустанайской – 5 лет. Думается, что сроки эти были нереальны.

Национальное размежевание бывшей Туркестанской АССР в определенной степени осложнило землеустроительную работу в Казахстане, так как площадь земель, подлежащих обязательному государственному землеустройству увеличилась. Для проведения землеустроительных работ в южных районах Казахстана была создана Особая Комиссия ВЦИК. Ею был издан циркуляр, определяющий основные положения землеустройства в этом регионе. По этому циркуляру все трудовое земледельческое население, проживавшее до 1 декабря 1924 года в Джетысуйской и Сырдарьинской губерниях, имело право на получение земельного надела по месту своего жительства и на землеустройство. Установление очередей наделения землей категорически воспрещалось и при землеустройстве всех имевших права на получение земельного надела необходимо было устраивать одновременно. Факт создания этой Комиссии при наличии КазНКЗ можно рассматривать как